

Г.С. БӨКЕН<sup>1</sup>, Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА<sup>1</sup>, Б. ШАЛАБАЙ<sup>1</sup><sup>1</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті✉e-mail: [guldentleuberdina@inbox.ru](mailto:guldentleuberdina@inbox.ru)**КӨРКЕМ МӘТІН – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ:  
ДӘСТҮРЛІ МҰРА ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС**

**Андатпа.** Бұл мақалада М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі ұлттық концептология және когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеліп, мәтіндегі ұлттық құндылықтардың көркемдік-когнитивтік репрезентациясы сараланады. Зерттеу барысында «қорғансыздық», «әділет», «ар-намыс», «тазалық», «қатыгездік», «табиғат» тәрізді базалық концептілер анықталып, олардың көркем мәтіндегі прагматикалық, эстетикалық және семиотикалық қызметі айқындалады.

Мәтінді талдауда Б. Майтанов ұсынған хронотоптық жүйе негізінде кеңістік пен уақыт өлшемдерінің көркемдік-құрылымдық қызметі қарастырылады. М.В. Пименова ұсынған концепт жіктеуі (физикалық, әлеуметтік, этикалық) арқылы кейіпкерлердің мінез-құлық құрылымы мен құндылық бағдарлары зерделенеді. А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы негізінде адамның еркіндікке, қауіпсіздікке және рухани кемелдікке ұмтылысы сипатталады. Сонымен қатар, Г. Қожахметова мен Ә. Байбол зерттеулеріне сүйене отырып, мәтіндегі ұлттық дүниетаным, менталитет пен мәдени кодтар көркем тіл арқылы қалай жүзеге асатыны сипатталады. Ғазиза бейнесі арқылы қазақ ұлтының ар-намыс, тазалық, ұят сияқты рухани-этикалық құндылықтарының көрінісі беріліп, оның трагедиялық тағдыры арқылы патриархалды қоғамдағы әділетсіздік пен рухани құлдырау ашылады. Табиғат көріністері мен мифопоэтикалық элементтер метафоралық және символдық деңгейде сараланып, шығарма құрылымындағы концептуалдық өрістердің ұлт болмысымен байланысы дәйектеледі.

**Кілт сөздер:** ұлттық концептология, когнитивтік лингвистика, құндылықтар, хронотоп, кейіпкерлер, мәдени код, рухани-этикалық құндылықтар.

**Кіріспе**

Құндылық ұғымы – адамның, қоғамның, тіл мен мәдениеттің негізгі бағыт-бағдарын анықтайтын күрделі феномен. Лингвистикалық аксиология немесе тілдік аксиология саласында «құндылық» пен «бағалау» категориялары тілдік бірліктердегі, мәтіндердегі, дискурс және коммуникациядағы мәндердің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі ұлттық құндылықтар мәдени мұрамен, әдебиетпен, тілмен, салт-дәстүрмен тығыз байланысты. Аксиолингвистика ғылымы жалпы философияда мән, құндылық, мораль,

**\* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бөкен Г.С., Тлеубердина Г.Т., Шалабай Б. Көркем мәтін – құндылықтар әлемі: дәстүрлі мұра және заманауи көзқарас // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 40-52. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.04>

**\*Cite us correctly:**

Boken G.S., Tleuberdina G.T., Shalabai B. Korkem matin – qundylyqtar alemi: dasturli mura zhane zamanaui kozqaras [Literary Text Is a World of Values: Traditional Heritage and Contemporary Perspective] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 40-52. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.04>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.02.2026 / жарияланған күні 30.03.2026

эстетика сияқты категориялармен тығыз байланысты. Бұл бағытта М. Шелер, К. Ясперс, Н. Пецел, Ю. Хабермас және басқа да шетелдік ғалымдардың зерттеулері бар. Олар құндылықтың моральдық, эстетикалық, әлеуметтік, рухани түрлерін талдап, тұлғаны бағалау жүйесіндегі орнына назар аударады. Мәселен, М. Шелер құндылықтарды иерархиялық жүйеге бөліп, рухани құндылықтарды ең жоғары сатыға қояды. Г. Риккерт мәдениеттің негізін құндылықтардан іздейді.

А. Маслоу қажеттіліктер пирамидасында құндылықтарды адамның негізгі мотивациялық тетіктерімен байланыстырды. Ал зерттеуші Г. Хофстеде мәдени өлшемдер теориясында әр ұлттың құндылық жүйесі оның әлеуметтік мінез-құлқына ықпал ететінін дәлелдеді.

Осыған орай, ғалым Геерт Хофстеде (Geert Hofstede) өзінің «Culture's Consequences: International Differences in Work-Related Values» атты монографиясында мәдени өлшемдер теориясы ұлттық құндылықтардың мәдени контекстегі рөлін ашып көрсетеді. Оның зерттеулері әртүрлі мәдениеттердегі негізгі құндылықтардың құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Хофстеданың тұжырымдары қазақ, түрік және ағылшын мәдениеттерін салыстырмалы түрде зерттеуге теориялық негіз береді, себебі ол мәдени құндылықтарды индивид пен қоғам арасындағы әлеуметтік нормалар, іскерлік мінез-құлықтар арқылы жүйелі түрде қарастырады. Ғалым Г. Хофстеде мәдениеттің негізгі өлшемдерін айқындай отырып, ұлттық құндылықтар ұғымын кең түсіндіреді. Ол құндылықтарды индивид пен қоғамның өзара әрекеттесуінде қалыптасатын нормалар мен сенімдер ретінде қарастырады, олар мінез-құлық үлгілеріне, коммуникацияға, шешім қабылдауға және әлеуметтік институттарға ықпал етеді. Мәдени өлшемдердің ішінде, әсіресе «индивидуализм – коллективизм», «қуатты қашықтық» және «уақытқа қатысты көзқарас» [1, 67-б.] секілді өлшемдер ұлттық құндылықтардың нақты көріністерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Хофстеданың теориясына сәйкес, қазақ халқының ұлттық құндылықтары көбіне коллективизм мен дәстүрлі құндылықтар аясында қалыптасады, бұл өз кезегінде тілдік бейнелерде, әсіресе көркем шығармаларда көрініс табады. Түрік мәдениеті де ұқсас құндылықтар жүйесіне ие болғанымен, кейбір айырмашылықтар лексикалық және стилистикалық деңгейде байқалады. Ал ағылшын мәдениетінде индивидуализм мен рационализм құндылықтары басым, бұл құндылықтар тілдік және мәдени контекстегі айырмашылықтарды түсіндіреді.

Геерт Хофстеданың мәдени өлшемдер теориясы ұлттық құндылықтардың тілдік бейнесін зерттеуде маңызды теориялық база болып табылады. Ол ұлттық мәдени құндылықтардың тұлға мен қоғам арасындағы өзара байланысын, олардың тілдік және мінез-құлықтық көріністерін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. С. Рубинштейн құндылықтарды тұлғаның өмірлік бағыт-бағдары ретінде қарастырса, М. Бахтин диалогизм арқылы адам болмысын құндылықпен байланыстырды. Ю. Лотман мәдени семиосфера тұжырымдамасында құндылықтарды мәдени код ретінде қарастырып, олардың тіл арқылы ұрпаққа берілетінін атап өтті. Р. Инглхарт құндылықтардың дәстүрліліктен рационалдылыққа, тіршілікке бейімділіктен өзін-өзі танытуға қарай өзгерісін көрсеткен.

Сонымен қатар, құндылықтар теориясына қазақ ғылымында да ерекше назар аударылды. Ғалым Ә. Нысанбаев қазақ халқының құндылықтық дүниетанымын философиялық тұрғыдан қарастырып, ізгілік, әділет, ынтымақ, адамгершілік категорияларын ұлттық руханияттың өзегі деп таныды. Ал академик С. Қасқабасов халық прозасы мен эпикалық мұрадағы құндылықтық бағдарларды ашып берді. З. Қабдолов көркем әдебиеттегі эстетикалық құндылықтарды жүйелесе, Р. Сыздық тіл мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтың сақталатынын дәлелдеді. Ж. Манкеева, Н. Уәли, Ә. Қайдар аксиолингвистикада тіл мен құндылық байланысын жан-жақты зерттеп, тілдік таңбалардағы ұлттық құндылықтық кодты анықтады. Бұл орайда, тіл ғылымындағы аксиология, ол – тіл

арқылы құндылықтардың бейнеленуін, бағалау категорияларын, тілдік құралдарды зерттейтін бағыт ретінде танымыз. Мәселен, шетелдік зерттеушілер тілдегі этикалық, эстетикалық, идеологиялық, символдық құндылықтарды тілдік белгілер арқылы талдайды. Ал отандық қазақ ғалымы, академик Ә. Қайдар: «Мәдениет танып-білудің құралы – тіл» немесе «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы жетіп келуі мүмкін» [2, 23-б.], – дей келе, тіл қызметінің аясы кеңейгені, бұл өз алдына, аксиолингвистика ғылымының өзектілігін, бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қызметтік қасиеттерін анықтайтын, әр ұлттың ұлттық ерекшелігін танытатын ғылым екендігіне көз жеткізеді.

Зерттеуші Н. Уәли: «Сөз мәдениетін коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік, этикалық, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негіздерін анықтау, сөздің коммуникативтік сапаларын анықтау – сөзбен өрілген қазақ мәдениетін жаңғырту ісіндегі өзекті мәселе, – деп тұжырымдайды [3, 63-б.]. Демек, тілдің астарында жатқан, әлі таныс емес ұлттық құндылықтарды зерттеу, сол арқылы қазақ мәдениетін жаңғырту тіл біліміндегі жаңа бағыттардың теориялық негізін дұрыс пайдаланумен жүзеге асырылады. Қазақ тіл біліміне жаңа бағыттардың енуіне себепші болған, тілдегі ұлттық мәдени кодты ашу арқылы жаңғыртылмаған таным-түсініктерді, ұғымдарды жарыққа шығарудың тәсілдерін ұсынған, тілдің бойында сақталған ұлттық құндылықтарды танудың ғылыми жолдарын алғаш болып көрсеткен ғалым Н. Уәлидің ғылыми тәжірибесі қазақ лингвомәдениеттану ғылымының, лингвокогнитология, аксиолингвистика саласының жүйелі дамуына негіз болды.

Орыс тіл білімінде аксиолингвистика терминін алғаш ғылыми айналымға енгізген В.А. Маслова: «Тіл – бұл тек коммуникация құралы емес, ол – құндылықтардың тікелей бейнесі. Адам өз ойын, сезімін, көзқарасын жеткізгенде, сол арқылы бағалайды, салыстырады, яғни құндылыққа бағынған ақпарат береді» [4, 85-б.], – деп, тілді құндылықтар әлемінің көрінісі ретінде қарастырып, концепт, бағалауыш мағына, эмоционалды-экспрессивті тілдік құралдарға ерекше назар аударған. Ал Э.В. Кубрякова когнитивтік лингвистикадағы концепт ұғымы жайында: «Концепт – бұл санадағы мәдени-танымдық мазмұнға ие бірлік. Ол ұлттық ерекшелікті, тарихи жадты, құндылықтық бағдарды бойына сіңірген лингво-ментальді құрылым» [5, 221-б.], – дейді. Зерттеуші Г.Н. Смағұлова «Қазіргі қазақ тіліндегі ұлттық мәдени концептілер» атты еңбегінде: «Қазақ тілінде ұлттық-мәдени ерекшеліктер тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Құндылықтар – тілдік санада орныққан, ұлттық кодтармен берілетін тұрақты категориялар» [6, 87-б.], – дей келе, тіліміздегі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, көркем сөздер – ұлттық құндылықтардың тілі деген тұжырым жасайды. Н.С. Болғанбайұлы, Ғ.Қ. Қалиұлы «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» [7, 51-б.] еңбегінде құндылық мәні бар фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің мәдени негіздері қарастырылады. Мәселен, «ар алдында», «қанағат қарын тойғызар», «әділ төре» сияқты тіркестер тілдегі құндылық бағдарын көрсетеді.

Жалпы алғанда ғылымда құндылықтардың түрлері көп. Сондықтан шартты түрде әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі саласында жиі кездесетін құндылық түрлерін жіктесек: а) моральдық-этикалық құндылықтар (адалдық, әділеттілік, ар ұят, жауапкершілік); ә) эстетикалық құндылықтар (сұлулық, көркемдік, гармония, тілдің көркемдік бедер); б) рухани діни құндылықтар (сенім, дін, дәстүр, ұлттық салт-дәстүр, рухани мұра); в) қоғамдық-саяси құндылықтар (әділет, теңдік, патриотизм, халық бірлігі); с) ғылыми-

білімдік құндылықтар (білім, ақыл ой, ғылым, ізденістілік); д) экономикалық немесе материалдық құндылықтар (байлық, тұрмыс деңгейі, ыңғайлылық, материалдық игілік).

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтардың тіл білімі ғылымында зерттелу деңгейіне шолу жасайтын болсақ. Жаһандану, коммуникация кеңістігінің халықаралық болысы, тілді қорғау, ұлттық сана-сезімнің оянуы сияқты үрдістер ұлттық құндылықтарды лингвистикада зерттеудің қажеттілігін күшейтті. Әсіресе, отандық зерттеулерде ұлттық құндылықтар көбінесе әдебиеттану, этнопедагогика, фольклортану салаларында қарастырылады. Когнитивті лингвистика мен дискурс-талдау әдістерін қолдану арқылы кейбір зерттеушілер тілдік белгі ретінде ұлттық құндылықтарды анықтайды. Зерттеуші Б. Молдағали: «Көркем шығармаға тіліне (поэзия тілі болсын немесе проза тіліндегі философиялық этюдтерді) концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Қандай да бір көркем шығарманы тек лингвистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көріне бермейді. Осы ретте концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде қызмет етеді» [8, 5-б.], – деген пікір білдірген болатын. Сондықтан біз зерттеу нысанымызға алған М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасының сюжетіндегі негізгі идеялар негізінде зерделей аламыз.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақала барысында көркем мәтіндегі ұлттық құндылықтар, дәстүр сабақтастығы мен қазіргі заман талаптарына сай жаңаша көзқарастар жүйелі түрде қарастырылды. Зерттеу барысында талдау, ой қорыту, салыстырмалы анализ және синтез әдістері қолданылып, көркем мәтіндегі рухани-мәдени мұра мен қазіргі қоғамдағы құндылықтар арасындағы байланыс айқындалды. Бұл әдістер арқылы әдеби туындыларда көрініс тапқан ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр және адамгершілік мәселелеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік берілді.

Зерттеудің материалдық негізін Мұхтар Әуезовтің алғашқы көркем прозалық шығармасы – «Қорғансыздың күні» әңгімесі құрады. Бұл шығарма – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік шындығын, ұлттық құндылықтар жүйесін, әсіресе моральдық-этикалық, рухани, эстетикалық өлшемдер арқылы бейнелейтін құнды әдеби мәтін. Сонымен қатар, жұмыста қазақ тіл біліміндегі, әдебиеттану мен мәдениеттану салаларындағы ұлттық құндылықтар мен тілдік бейнелеу мәселесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қосымша материал ретінде пайдаланылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Когнитивтік лингвистикада адам когнициясына басты назар аударылады, көзге түскен іс-әрекеттер ғана емес, олардың менталдық репрезентациялары, ішкі көріністері, үлгілері, тілдегі когнитивтік үлгі ретінде символдың түрлері, адамның стратегиялары да зерттеледі, олар білім негізінде іс-әрекеттерді туындатады, яғни адамның когнитивтік дүниетанымы, оның болмысы мен қызметі бойынша зерттеледі. Адамның болмысы, қызметі, ойлау негізі, тілдің белсенді түрде қатысуымен жүргізіледі, адам қызметінің уәждері мен ұстанымдарын қалыптастырады, нәтижесін болжайды [9, 3-б.].

Қарымды қаламгер Мұхтар Әуезовтің әңгімелері адам рухының, психологиясының терең әрі күрделі әлемін ашу арқылы заман мен орта, ұлт пен мемлекет арасындағы әлеуметтік-қоғамдық қатынастарды шынайы әрі сезімтал түрде бейнелейтіні белгілі. Жазушының «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесінде дәстүрлі көркем стильдің бірі – пейзажды суреттеу арқылы шығарманың негізгі тақырыбына жол ашылады. Қара жолдағы Арқалық тауынан басталатын бұл пейзаж бейнесі табиғат пен қоғамның жалғыздығы мен ауыр тұрмысын айшықтайды: «Арқалық жадағай, қыс күнінде желдің екі жағынан соққанына қарамастан, паналауға жарамай, азынап тұрады» [2, 67-б.]. Мұндағы табиғаттың жуықтықсыз, бейшара көрінісі арқылы автор ел өмірінің қиын жағдайын, оның шектеулігін

көрсетеді. Сонымен қатар, бұл тұрмыс жағдайлары адам әрекеттеріндегі дәрменсіздік пен шектеуліктің көрінісі болып табылады.

Әңгіме сюжеті ұлттық дәстүр мен тарихи сананың көрінісі ретінде Күшікбай батыр туралы аңызға сүйенеді. Күшікбай – ерте жаста қайтыс болған, бірақ ерлігі мен қажырлы еңбегі арқылы халық есінде сақталған қаһарман. Оның қайтыс болуы өз ішіндегі түсініспеушілік пен руаралық келіспеушіліктің салдары ретінде суреттеледі, бұл оқиға ұлттың тарихи тағдырындағы ішкі сын-қатерлерді символдайды. Автор бұл аңыз арқылы өткеннен сабақ алып, қазіргі заманның әлеуметтік мәселелерін көтереді.

Әңгімедегі негізгі әлеуметтік проблемалардың бірі – кедейшілік, жетімдік және әйелдердің жағдайы. Үйдің үш ұрпағы – кемпір, келін және жас қыз Ғазизаның бейнесі арқылы әйелдердің тағдыры мен олардың ұрпақтар алдындағы жауапкершілігі айқындалады. Ғазизаның тағдыры – ашаршылық пен әлеуметтік әділетсіздіктің құрбаны, ол жетімдік пен қиындыққа қарамастан өмірдің ауыртпалығын көтереді. Бұл арқылы ұлттық дәстүрдегі отбасының маңызы, ұрпақтар сабақтастығы және әйелдердің рухани төзімділігі бейнеленеді.

Шығармадағы қарт ананың монологу шығарманың маңызды психологиялық әрі философиялық бөлігін құрайды. Ол арқылы автор қазақ қоғамындағы моральдық құндылықтардың өзгерісі, ішкі қайшылықтар мен адамгершілікке деген көзқарастың өзгеруін көрсетеді. қарт ананың өз баласын, отбасын және ауыл өмірін еске алуы – ұлттық санадағы өткінші, өткел кезеңнің көрінісі. Оның сөздерінде заманауи әлеуметтік мәселелер мен ұлттық құндылықтардың күрделі байланысы ашылады.

Әдебиетші ғалым Б.Майтановтың пікірінше, «Қорғансыздың күні» шығармасы ұлттық прозада сирек кездесетін хронотоптық композициясы, пейзаждың символикалық мәні, уақыт пен кеңістік, мифологиялық және тарихи элементтердің үйлесімі арқылы ерекшеленеді [3, 34-б.]. Әңгімеде кездейсоқ емес, нақты мезгіл мен мекеннің мағынасы кеңінен ашылады, бұл оқырманға ұлттық дүниетаным мен әлеуметтік-тарихи шындығының астарын ұғынуға мүмкіндік береді.

Әңгімедегі әлеуметтік-саяси аспектілерде қазақ қоғамындағы әділетсіздік, шекаралық қатынастар, ішкі топтық қақтығыстар мен адамгершілік дағдарыстары ашылады. Ғазизаға жасалған зұлымдық пен әділетсіздік Күшікбай батырдың тағдырының қайталануы ретінде көрініс тауып, қоғамдағы қорғансыз топтардың (әсіресе әйелдер мен жетімдер) жағдайының ауырлығын көрсетеді.

Автордың әлеуметтік сын тұрғысынан қарағанда, әңгімеде ұлттық құндылықтар – отбасылық бірлік, рухани төзімділік, әділеттілік пен адамгершілік – заманның қиыншылықтары алдында сынға түседі. Сонымен бірге, ұрпақтар арасындағы байланыс, аруаққа сенім, ұлттық тарихи сананың орнықтылығы мен рухани құндылықтардың сақталуы негізгі тақырып ретінде ұсынылады.

Бұл орайда, филология ғылымдарының докторы, профессор М.В. Пименова концептілік жүйені зерттей келе, концептілердің авторлық-үшмүшелік классификациясын ұсынады. Келесі әлеуметтік концептілер класын ғалым М.В. Пименова төмендегідей жіктеп көрсетеді: ел концептісі, әлеуметтік мәртебе концептісі, ұлт концептілері, билік және басқару концептілері, тұлғааралық қарым-қатынас концептілері, моральдық (этикалық) концептілері, кәсіп концептілері, діни концептілер.

Базалық концептілердің үшінші түрі психикалық (рухани) концептілер класына адамның ішкі дүниесін құрайтын концептілерді жатқызады:

а) мінез концептілері (құмарлық, тәртіпсіздік, шыдамдылық, мейірімділік, жомарттық, мақтаншы, дөрекілік, сенімділік, арманшылдық);

б) эмоциялық концептілер (көңілді, қорқыныш, бақыт, ашу, қайғы, қуаныш, азап, қызғаныш, аңсау, алаңдаушылық);

в) психикалық концептілер (білім, ақыл, ой, түсіну, есте сақтау, бейнелеу, ақыл, ақыл, қиял, шабыт, сана) [10, 27-б.].

Осыған орай, біз де жоғарыдағы ғалымның топтастыруына сәйкес, шығармадағы ұлттық құндылықтарды саралай келіп, біріншіден, отбасыға адалдық құндылығын Ғазизаның ауыр халдегі отбасына қарап, үй шаруасын жалғыз атқаруынан көреміз. Шығармада қарт ананың (әжесінің) мына сөзінен-ақ танымыз: «Қарағым, бүгінгі дүниеге ие болып, қалқыып, осы азын-аулақ шаруаны ұстап отырған Ғазиза зой» [11, 20-б.]. Екіншіден, сыйластық (қонақжайлық, қонақ күту) құндылығы бұл өздерінің жәй-күйі «бишара, мынау қандай сорлының қорасы екен?» дейтіндей болса да, қаңтардың қақаған аязында «құдайы қонақ» деп, ішерге асы, жатарға жастығы жоқ үш бейбақтың Ақан мен Қалтайға талғажау еткен соңғы астарын алдарына қойып, яғни «...қонақтар шай ішіп, жайланып болды» немесе, «Біраздан соң ас пісті. Кемпірдің сыйламак болып салғызған тәтті-дәмді тәуір еті қонақтардың алдына келді» [11, 23-б.], – дегенінен сыйлап, қонақ етуінен байыптаймыз. Үшіншіден, қайғыға ортақтасу (жоқтау, көңіл айту дәстүрі) құндылығын: «Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй ішімен амандасып, кемпірге қарап: – Құдай ісі сыпайышылық, ақырының қайырын берсін!– деп, жайлап көңіл айтты» [11, 13-б.], – деген жолдардан көргенімізбен, шығармадағы Ақанның шынайы бейнесі ашылғасын, оның жалған мүләйімсіп «құран оқуы», сырт көзге ғана жасалатын жасанды рәсімдер екені сыналады. Төртіншіден, жетім-жесірді қорғау құндылығының жойылып жатқандығы, қарт ананың (әженің) ағайын-туыстың жалғыз ұлы Жақыптың өлімінен кейін күрт өзгеруін, бауырлықтан жат бауырға айналып, зұлымдық әрекеттерін әшкерелеу монологынан байқаймыз. Шығармада: «Жақып өлді. Одан бір жұма кейін, жығылғанның үстіне жұдырық деп, Мұқашым өлді. Күндіз-түні жылауда болып, есеңгіреп отырғанымызда, енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұрғашы үй болып отыра алмайды; дүниесін бөліп аламыз; қатындарды әрқайсымыз қолды-қолымызға аламыз деп, балаларымның бет топырағы жасасырылмай жатып, суық сөз жүргізді зой» [11, 15-б.], – дегенінен байқаймыз. Бұл өз алдына, қазақтың «жетім-жесірге қорған болу» қағидасының бұзылуы, азғындау сарыны екендігі ащы сыналады. Сол сияқты қарт ананың зарлы монологын естіген Ақанның тас бауыр, мейірімсіздігіне келесі жолдар арқылы: «...адамның жүрегін шаныштырып тіксіндіретін, жұртты мінезінен жирендіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға кеп әсер бере қойған жоқ» [11, 21-б.], – дегенінен куә боламыз.

Бесіншіден, жер мен қонысқа адалдық құндылығынан халықтың Арқалықтан көше алмай, «Құдайға жылап» отыра беруі, атамекенге деген сүйіспеншілік, бабалар мен туған-туысқандарының рухына деген сыйластық, «өлі разы болмай, тірі байымас» түсінігін берік ұстанғандарын зерделейміз. Шығармада: «Жыл сайын қыс басынан қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекен қылған ел көбінесе кедей болатын. Бұл жерді мекен қылған ел ерте күннен аталарының қонысы болғандықтан және басқа ірге аударарлық жайлы жері жоқтықтан, «құдайына жылап» отыра беретін. Бұлардың жалғыз-ақ медеу қылатыны Арқалықтың егіндігі еді» [11, 1-б.], – делінсе, бұл жерде соқыр қарт әжесі мен анасының медеуі – Ғазиза екендігін автор параллель түрде сипаттайды: «Бұрын әкесі тартатын ауыртпалықтың бәрі бұл күнде Ғазизаның өз басына түскен. Еркек істейтін шаруаның бәрін өзі істейтін болып, әлі келгенше үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған – өзі. Соңғы аз уақыттан бері бұл қызметінің үстіне, тағы үй ішіндегі бар жұмыс масыл болып мойнына мінді» [11, 1-б.].

Алтыншыдан, тазалық пен ар-намыс құндылығы әңгіменің екі тұсынан көрінеді. Бірі – қарт ананың Ғазизаны ағайын-туыстың қорлығына бермеуі болса, яғни: «Тышқанның өлгені – мысықтың ойнағаны» деп, ендігісі – қалған көзімнің қарашығы – жалғыз Ғазизамды жылатпақ. «Кешегі Жақыптың аруағы лагнет оқымасын, Мәрденді де жылатпайық: биыл бұның қатыны өлген, Ғазизаны соған берейік» деп айтады дейді. Кеселділердің осы сөзін естігенде, мына отырған балам зарлап қоя берді...» [11, 18-б.], екіншісі Ғазизаның ар-намысын өмірден де жоғары қою – ұлт болмысының символы ретінде сипатталады. Яғни:

«Әкесі өлгеннен бергі: “Ә, Құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе! – деп тілеген уыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы бейнет, бишаралық былай тұрсын, мынау көрген мазақ не? Осынша қорлау, рәсуалау не?.. Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық құлқы болып еді?» [11, 26-б.], немесе, «...Қорлық, мазақ көрген Ғазизаның көзінен дүниенің барлық қызығы кетті. Жастығына лайық болған үміт, қиялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді. ...үйге кіру керексіз бола бастады. Көңілінде қалған таусыншық сезімнің ойлатқаны: енді үйге кіріп қайтемін? Үйде мен көретін не қызық қалды? Бишара болған шешелерім ақырғы қайғымды көрмей-ақ, білмей-ақ қойсын! Қайғылы бір сыр көрге бірге-ақ кетсін дегендей...» [11, 26-б.].

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі: әлеуметтік теңсіздік, әйел теңсіздігі, жетім-жесірге жасалған зұлымдық, отарлық биліктің зияны, тұлғаның рухани күйреуі сынды әлеуметтік мәселелер шығармада параллель ретінде Ақанның байлығы мен Ғазизаның жоқшылығы; Ғазизаның қорғансыз қалуы және Ақан мен Қалтайдың озбырлығы; қайғы үстінде дүние бөлісу, жас қыздың нәпсінің құрбаны болуы; Ақанның болыстығы, шенге сатылғаны және қарт әженің ағайын-туысқандардан қорланғанын айтуы; Ғазизаның өзін-өзі өлтіруі және қос мұңлық қарт әже мен соқыр ананың тірі өлікке айналуы келтіріледі.

Шығармадағы портреттік және ұлттық құндылықты жеткізуші тұлғалар бейнесін кейіпкерлерді талдау барысында зерделей аламыз. Мәселен, Ғазиза – арқа сүйер әкесі мен демеу болар інісінен айырылған жетім, ар-намысты, нәзік, тазалық иесі. Ол қорғансыз қазақ қызының символы, ұлттық трагедия бейнесі ретінде сипатталады. Қарт әже (кемпір) – қайратты, намысшыл, дана тұлға, ол – ұлт анасының бейнесі. Қалтай – жымысқы, арам пиғылды, екіжүзді шенеунік, биліктің құлы болса, Ақан болыс та – бетперделі, зұлым, мансапқор ретінде бейнеленеді. Жакып (марқұм) бейнесі – қарт әженің айтуы бойынша, қарапайым, абыройлы азамат, ұлт пен ұлыс үшін жанын қиған парасатты тұлға. Бұл шығармада халқымыздың дәстүрлі құндылықтары – отбасы, ар-намыс, жетім-жесірге қамқорлық ету, әйелді қорғау секілді қасиеттер көрініс тапса, сол құндылықтардың **заман** азғындаған кезде қалай күйреп жатқаны да ашық көрсетіледі.

Сайып келгенде, көркем әдебиет – ұлттық рухтың, дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі. Ол тек эстетикалық құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір кезеңдегі қоғамның әлеуметтік, моральдық және рухани ахуалын бейнелейтін айна іспетті. Әдеби шығармада кодталған құндылықтар жүйесі – халықтың мінезі, менталитеті, өмірлік ұстанымы мен дүниеге көзқарасы арқылы қалыптасады. Зерттеуші Г. Қожахметова «Ұлттық құндылықтардың тіл мен мәтінде көрініс табады» [12, 3-б.], – десе, Ә. Байбол: «Ұлттық код» ұғымы дәстүрлер арқылы беріліп, мәдени-тарихи компоненттері құндылықты қалыптастырады» [13, 8-б.], – дейді. Сонымен қатар қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық код, ұлттық бірегейлік пен құндылықтардың шығармалар арқылы көрінетінін [14, 14-б.], жазушылардың ұлттық құндылықтарды кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлықтық ерекшеліктері арқылы сипатталатынын [15, 158-б.], ұлттық сана құндылықтардың әлеуметтік-психологиялық механизмін түсіндіретінін тілге тиек етеді. Бұл орайда, А. Сейітжанова, Г. Сыздықова «Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық код және концепт мәселесі» мақаласында: «Ұлттық код – көркем мәтіннің терең құрылымында жасырынған, халықтың тарихи жады мен рухани құндылықтарын сақтайтын басты тетік. Заманауи прозадағы концептілер дәстүрлі дүниетанымды жаңа эстетикалық деңгейде қайта жаңғыртып, ұлттық болмыстың сақталуына қызмет етеді» [16, 145-б.], – деген ұтымды пікірлеріне де назар аударған жөн.

Құндылық – тұлғаның, қоғамның өмір сүру нормалары мен бағыт-бағдарын айқындайтын рухани өлшем. Ғалым А. Маслоудың иерархиясына сүйенсек, құндылықтар адамның ең жоғарғы қажеттіліктерімен – өзін-өзі таныту, мораль, әділет, махаббат, ар-намыс, еркіндік секілді ұғымдармен тығыз байланысты. Көркем мәтінде бұл ұғымдар автор

бейнесі, кейіпкердің ішкі дүниесі, сюжеттегі шиеленістер арқылы танылады. Сондықтан «Қорғансыздың күніндегі» қазақтың дәстүрлі ортадағы қоғамдық, отбасылық, адами құндылықтарының біртіндеп дағдарысқа ұшырағаны көркем әрі философиялық тереңдікте суреттеледі. Тілдік тұлғаның қалыптасуында этномәдени кеңістіктің рөлі зор, өйткені кейіпкердің іс-әрекеті мен ойлау жүйесі ұлттық дәстүрлердің семантикалық өрісімен тығыз байланысты.

Әрине, біз кез келген шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесінің де ұлттық құндылықтарды жеткізу үрдісіндегі рөлін ұмытпағанымыз жөн. Бұл мәселені «Этномәдени кеңістік және тілдік тұлға концепциясы» мақаласында М. Жолдасбеков, А. Исаева сынды зерттеушілер де атап өтеді. Яғни: «Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік хронотобы ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы негізгі арна ретінде қызмет атқарады» [17, 89-б.], – деген болатын.

Жоғарыда, талдағанымыздай, отбасы, отаншылдық, ағайындық құндылығы ретінде Жақыптың отбасын мысалға алуға болады. Мұндағы отбасы – дәстүрлі қазақы отбасының символы. Жақыптың қайтыс болуы отбасының тірегін жоғалту ғана емес, отбасының қорғансыздыққа, ашық қысым мен мазакқа ұшырауына себеп болады: «*Жақып өлді. Одан бір жұма кейін, жығылғанның үстіне жұдырық деп, Мұқашым өлді... Енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұрғашы үй болып отыра алмайды, дүниесін бөліп аламыз... деп...*» [11, 14-б.]. Бұл үзінді ағайындық қатынастың құлдырауын, жалған туыстық пен пайдакүнөмдік мүдденің басым болғанын көрсетеді. Дәстүрде ағайын – қорған, панасы болуы тиіс еді. *Жетім-жесірді қорғау* мәселесі, қазақы танымда жетім-жесір – әлсіз топқа жатса да, қоғам тарапынан қорғалатын ерекше категория болып сналады. Алайда шығармада бұл моральдық заңдылық бұзылған: «*Біреуі туысқан болып: бишара, жайың қандай, шаруаң не күйде деп, есіктен қарады ма екен?... Ұялмағырлар бізді жегісі келіп тұрады...*» [11, 15-б.]. Кемпірдің зары – қоғамның қамқорлықтан алыстағанының, әлеуметтік жауапкершіліктің жойылғанының көрінісі. Ар-намыс пен ұят – жоғалған құндылық шығармадағы бас кейіпкер бейнесі арқылы көрінеді. Ғазиза – ар-намысты, ішкі рухы таза қыздың бейнесі. Оның қорлануы – қоғамның әйелге деген қатігездігі мен заңсыздығының, ұят пен абыройдың өлгенінің көрінісі: «*Ғазизаның көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді... Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған: ізі қалған жоқ... Менде жазық жоқ, мен тазамын*», – деген ашық тазалықтың белгісі бар...» [11, 26-б.]. Бұл – тазалықты ар-ұят деңгейінде ұстаған дәстүрлі сана иесінің зорлық пен масқаралық алдында өмірден түңілуі. Ғазизаның өлімі – тек жеке трагедия емес, қоғамдық ардың өлімі.

Құндылықтардың құлдырауы (тарихи себептер мен заманауи параллель) мәселесі шығармадағы Ақан мен Қалтай бейнелері арқылы патриархалды биліктің, қазақ қоғамындағы моральдық жетекшіліктің жемқорлыққа, қатыгездікке ұласқан формасымен берілген. Олар – қоғам ішіндегі моральдық агрессияның символы.

«*Қалтай пішен қораның ішіне кірісімен шөпке карамай, үлкен жұмысы ол емес, баска нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп, өтірік күліп қуланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындап алған сөздерін сөйлей бастады. Ғазизаның алдында сескенген ойы Қалтайдың не айтпағын сезіп...*» [11, 24-б.]. Немесе, «*Ғазиза сол бетімен жүгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде, есік алдында екеуінің сөзін естіп тұрған Ақан ұстай алды. Ғазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп, есін жиып алғанша, Ақан көтеріп пішен қораның қуысына алып келді. Қалтай шамды өшіріп жіберіп, қораның ішіне қарай кетіп калды. Дүниені қараңғылық басты*» [11, 24-б.]. Бұл – рухани селқостық, адам өмірінің құндылығын елемей. Мұндай немқұрайлылық – бүгінгі қоғам үшін де өзекті мәселе. Қазіргі замандағы әйелдерге, балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылық – осы тарихи-саяси моральдық құлдыраудың жалғасы ретінде оқылады.

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі – ұлттық құндылықтардың күйреуін көркемдік тұрғыдан бейнелейтін терең әлеуметтік-философиялық туынды. Бұл шығармада

бейнеленген дәстүрлі құндылықтар – отбасы, ар-намыс, қамқорлық, әділет, ал солардың жоғалуы – қоғамдық дерттің айғағы.

Көркем мәтін – өткеннің куәсі ғана емес, бүгінге ескерту жасайтын рухани бағдаршы. Жас ұрпақтың бойына осы мәтіндер арқылы рухани иммунитет, моральдық тұрақтылық дарыту – ұлттық тәрбиенің, әдебиетті оқытудың басты мақсаты болуы тиіс.

Әңгімедегі «қорғансыз» сөзі – тек физикалық әлсіздік емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық және рухани панасыздық ұғымын білдіреді. Көркем мәтінде Ғазиза мен кәрі әжесі – әлеуметтік құрылымнан тыс қалған, көмекке мұқтаж, бірақ ешкімге керексіз күйде өмір сүріп жатқан бейбақтар. Оларды қорғайтын не мемлекет, не ауылдағы ел, не туыс, не заң жоқ. *Шығармада: «Біреуі туысқан болып: бишара, жайың қандай, шаруаң не күйде деп, есіктен қарады ма екен?»* – деген әженің сөзі қоғамдағы адамгершіліктің жойылғанын көрсетеді. Бұл концепт арқылы жазушы қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен қатыгездікті сынға алады. «Әділет» концептісі шығармада әділет тек аспаннан үміт ету деңгейінде көрінеді. Ғазиза әділетке тек табиғаттан, тазалықтан, өлімнен үміт етеді. Адамдар арасындағы әділет өлген. Қара күш, зорлық үстемдік құрған: *«Жалғыз-ақ: «осы бейбақ не жазықпен осынша қорланды?» деген сұрауға жауап таба алмадың... Бірақ бұл сұраудың жауабын адамнан күтпе. Адамда ақиқат пен әділдік жоқ бүгін...»* [11, 22-б.]. Жазушы қоғамдағы әділеттің жоғалуын – рухани күйреудің белгісі ретінде көрсетеді. Бұл концепт бүгінгі заманда да өзекті. «Ар-намыс» концептісін жазушы Ғазизаның зорлықтан кейін өз еркімен өлімді таңдауы – ар-намыстың соңғы шегі, рух тазалығының символы ретінде сипаттайды. Яғни: *«Ғазизаның көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді... Менде жазық жоқ, мен тазамын» деген ашық тазалықтың белгісі бар...»* [11, 25-б.]. Бұл концепт арқылы автор қоғам қанша азғындаса да, адамның ішкі рухы жоғалмауы мүмкін екенін көрсетеді. «Қатыгездік» концептісі – күш пен билікті теріс пайдалану, әлсізге қысым көрсету, адамгершілік нормаларын аяққа таптау ретінде көрінетіні аян. Сондықтан шығармадағы Ақан бейнесі – патриархалды үстемдік пен заңсыздықтың, екіжүзділіктің символы. *«Ақанға көп әсер бере қойған жоқ... Мынау естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс...»* – бұл оның қатыгездікке бой үйреткен бейнесін ашып көрсетеді. Автор қатыгездік арқылы жүйенің ақауын, рухани селқостықты, тұлғалық деградацияны бейнелейді. «Трагизм» концептісі кейіпкердің әділет іздеп, адами биіктікті сақтап өмір сүруге тырысуы, бірақ оны қоршаған орта оған мүмкіндік бермеуі, бұл ішкі қайшылық пен қақтығыс ретінде бейнеленеді. Ғазизаның тағдыры – табиғаттың сұлулығы мен адамның азғындауы арасындағы қайшылық екендігін әңгімеде автор: *«Сол мұңлы қыздың үстінде ауыр қайғы қара бұлттай тұнжырап тұрған...»*.

Трагизм – М. Әуезов шығармаларының басты эстетикалық өзегі. Ол әділетсіз қоғам мен рухани таза адамның қақтығысын бейнелейді. «Табиғат» концептісі – адамның ішкі дүниесінің айнасы әрі әділеттің үнсіз куәгері. Қарлы боран – тазару мен сынақтың символы. Боран мен ақ қар – тазалық пен ақиқатты символдайды, бірақ адамның азғындығы оған қарама-қарсы қойылған: *«Аспанды қалың бұлт қаптаған. Жердің жүзі түк көрінбейді... Адамның үмітін кесетін... тас қараңғылық...»*. Табиғат арқылы жазушы символдық мәнге ие концепт жасайды – әділет адамдардан кеткенімен, табиғат бәрін көріп, үнсіз куәгер ретінде тұр. Демек, «Қорғансыздың күні» – концептілік құрылымы терең, күрделі шығарма. Мұндағы қорғансыздық, ар-намыс, әділет, тазалық, қатыгездік, трагизм, табиғаттың символдық мәні сияқты концептілер жүйесі біртұтас көркемдік-идеялық құрылым құрап тұр. Бұл ұғымдар арқылы М. Әуезов ұлттық дүниетанымдағы құндылықтардың күйреуін, рухани дағдарысты, сонымен қатар төзім, тазалық, үміт пен ар-намыс секілді мәңгілік рухани ұстанымдарды бейнелейді.

Сайып келгенде, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасы ұлттық құндылықтарды терең талдай отырып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздік, моральдық құндылықтардың өзгеруі және адам рухының күрделі жан-жақты әлемін

суреттейді. Автор өткен мен бүгіннің сабақтастығын, адам тағдыры мен ұлт болашағының қиылыстарын көркем тілмен жеткізеді.

### Қорытынды

Көркем мәтін – халықтың рухани байлығын, мәдени болмысын, ұлттық дүниетанымын, тарихи жады мен өмірлік ұстанымдарын бойына сіңірген құндылықтар әлемі. Ол тек эстетикалық туынды ғана емес, сонымен қатар ұлттың таным-түсінігін, салт-санасын, дәстүрлі мұрасын жинақтаушы әрі жеткізуші рухани құрал. Осы зерттеу жұмысы барысында көркем мәтіндегі дәстүрлі құндылықтар мен олардың заманауи қабылдану, қайта сарапталу үдерістері жан-жақты қарастырылды.

Классикалық әдеби туындыларда – ұлттың ділі мен дініне, тілі мен тәлім-тәрбиесіне қатысты терең мағыналы құндылықтар көркем бейнелер, символдар мен тілдік құралдар арқылы беріледі. Мәселен, отансүйгіштік, ар-намыс, ата-ананы құрметтеу, мейірімділік, әділет, қонақжайлылық, рух тазалығы секілді ұғымдар қазақ әдебиетінде ғасырлар бойы тұрақты түрде көрініс тауып келеді. Бұл – әдебиеттің тәрбиелік, аксиологиялық қызметін нақты дәлелдейді.

Заман өзгерген сайын құндылықтар да жаңа мән-мазмұнға ие бола бастайды. Қазіргі заманауи көзқарас тұрғысынан алғанда, көркем мәтіндегі кейбір дәстүрлі ұғымдар жаңаша интерпретацияланып, бүгінгі күннің рухани-әлеуметтік сұранысына сай бағаланады. Бұл – ұлттық мұраға деген қатынастың жандануы ғана емес, сонымен бірге әдебиет арқылы ұлттың өзін-өзі тануы және заманауи болмысын қалыптастыруы. Зерттеу барысында көркем мәтіндердің тілдік-когнитивтік, мәдени-аксиологиялық аспектілері сараланып, олардағы құндылықтық бағдарлардың ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан маңызды екендігі дәлелденді. Әдебиет – тек өткеннің куәсі емес, қазіргі мен келешектің рухани темірқазығы. Сондықтан көркем мәтінді оқу, түсіну, талдау арқылы ұлттың құндылықтар жүйесін жаңғырту – білім мен тәрбие саласындағы аса өзекті міндеттердің бірі.

Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарының күйреуін, отарлық кезеңдегі рухани дағдарысты көркем тілмен жеткізген терең психологиялық әрі әлеуметтік шығарма. Зерттеу нәтижесінде бұл көркем туындыда моральдық-этикалық, рухани, эстетикалық, әлеуметтік құндылықтардың кешенді түрде көрініс тапқаны анықталды. Әңгімеде отбасыға адалдық, жетім-жесірді қорғау, ар-намыс, қонақжайлылық, жер мен ата-баба рухына адалдық, қайғыға ортақтасу секілді қазақы танымның негізгі құндылықтары бейнеленсе, олардың заман ықпалынан әлсіреп, құнсызданып бара жатқаны сын тұрғысынан көрсетілген.

Ғазиза бейнесі – ұлттық ар-намыстың, рухани тазалықтың символы ретінде сомдалса, қарт әже – ұлт анасының, даналық пен дәстүрдің иесі. Ал Ақан мен Қалтай секілді кейіпкерлер қоғамдағы мансап, пайда, билік үшін адамдықты аяққа таптаған рухани азғындаудың көрінісін береді. Бұл кейіпкерлер арқылы жазушы дәстүрлі моральдық қағидалардың құлдырауын, ұлттық құндылықтардың заманауи сынақтар алдындағы дәрменсіздігін бейнелейді. Шығармадағы табиғат суреттері, пейзаж бен уақыт кеңістігі де ұлттық дүниетаным мен тарихи жадының көркем символына айналған. «Арқалық», «Күшікбай зираты» секілді топонимдер арқылы автор халықтың өткеніне деген құрметін, жерге, ата-баба рухына деген сүйіспеншілігін жеткізеді. Мақала барысында аксиолингвистика, когнитивті лингвистика және мәдениетаралық коммуникация әдістері арқылы ұлттық құндылықтардың көркем мәтіндегі көрінісі жүйелі түрде сараланды. Әңгімеде қамтылған рухани және әлеуметтік құндылықтар – тек әдеби көркемдік құбылыс емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жады, мәдени коды, болмысы мен менталитетінің тілдік айғағы ретінде қарастырылды. Сондықтан да «Қорғансыздың күні» шығармасы – қазақтың ұлттық құндылықтарын, адамгершілік пен ар-ождан мәселесін көтере отырып, заманның бет-бейнесін шеберлікпен танытқан көркем әрі аксиологиялық мәні зор туынды. Ол – ұлттық

құндылықтарды сақтаудың, түсінудің және ұрпаққа жеткізудің маңызды үлгісі ретінде бүгінгі күннің де өзекті шығармасы болып табылады.

### Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР 26100629 «Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының әлемнің тілдік бейнесіндегі көрінісі (қазақ, түрік, ағылшын тілдерімен салыстырмалы аспектіде көркем шығармалар тілінің материалы негізінде)» тақырыбындағы грант жобасы негізінде жазылды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hofstede G. Culture's Consequences: International Differences in Work-Related Values. – Beverly Hills: Sage Publications, 1980. – 475 p.
2. Қайдар Ә. Тіл – ұлттың жаны // Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2004. – 123 б.
3. Уәли Н. Сөз мәдениеті және ұлттық рух. – Алматы: Арыс, 2014. – 212 б.
4. Маслова В.А. Аксиолингвистика: учебное пособие. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
5. Кубрякова Э.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
6. Смағұлова Г.Н. Қазіргі қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени концептілер. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 180 б.
7. Болғанбайұлы Н., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 264 б.
8. Молдағали Б. Концепт және оның қазақ тіл білімінде зерттелуі. – 2016. [Электронды ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-zh-ne-ony-aza-til-biliminde-zerttelui> (қаралған күні 12.02.2024)
9. Керімова С.М. Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. – 2017. – №3. – Б. 70-79.
10. Пименова М.В. Проблемы когнитивной лингвистики и концептуальных исследований на современном этапе // Гуманитарный вектор. – 2010. – №2 (22). – С. 140-145.
11. Әуезов М. Қорғансыздың күні. [Электронды ресурс]. URL: <https://kitap.kz/book/qorhansyzdyng-kuni>. (қаралған күні 12.02.2024)
12. Kozhakhmetova G., Abeshova N., Tazhibayeva S., Ibragimova K. National values in the translation of Kazakh literary works // Cadernos de Tradução. – 2024. – Vol. 44, №1. – С. e95714. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95714>
13. Baibolov A., Abisheva S., Saparova A., Sametova Z., Sabirova D.A., Toktarbay Y. National Code in the Literature of Kazakhstan and Central Asia // Qubahan Academic Journal. – 2025. – №5(3). – P. 547–558. <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n3a2103>
14. Sultangaliyeva R.B., Sagidulliyeva S.S., Mutiyev Z.Zh., Sagynadin G.S., Akbulatov A.A., Askarova G.S., Zhumasheva K.B. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – №6(6). <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098>
15. Minkov M. The K factor, societal hypometropia, and national values: A study of 71 nations // Personality and Individual Differences. – 2014. – Vol. 66. – P. 153-159. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2014.03.028>
16. Сейітжанова А., Сыздықова Г. Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық код және концепт мәселесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). – Б. 145-156.
17. Жолдасбеков М., Исаева А. Этномәдени кеңістік және тілдік тұлға концепциясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №4(126). – Б. 88-97.

### REFERENCES

1. Hofstede G. Culture's Consequences: International Differences in Work Related Values. – Beverly Hills: Sage Publications, 1980. – 475 p.
2. Qaidar A. Til – ulttyn zhany [Language is the soul of the nation] // Qazaq til biliminin maseleleri. – Almaty: Gylym, 2004. – 123 b. [in Kazakh]

3. Uali N. Soz madeniети zhane ulttyq ruh [Speech culture and national spirit]. – Almaty: Arys, 2014. – 212 b. [in Kazakh]
4. Maslova V.A. Aksiolingvistika: uchebnoe posobie [Axiolinguistics: a study guide]. – M.: Akademia, 2001. – 208 s. [in Russian]
5. Kubriakova E.S. Iazyk i znanie: na puti polucheniya znani o iazyke [Language and knowledge: on the way to obtaining knowledge about language]. – M.: Iazyki slavianskoi kulturey, 2004. – 560 s. [in Russian]
6. Smagulova G.N. Qazirgi qazaq tilindegi ulttyq-madeni konceptiler [National-cultural concepts in the modern Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 180 b. [in Kazakh]
7. Bolganbaiuly N., Qaliuly G. Qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 1997. – 264 b. [in Kazakh]
8. Moldagali B. Koncept zhane onyn qazaq til biliminde zerttelui [The concept and its research in Kazakh linguistics]. – 2016. [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-zh-ne-ony-aza-til-biliminde-zerttelui> (date of access 12.02.2024) [in Kazakh]
9. Kerimova S.M. Madeniarialyq qatysymdady tildik sananyn etnomadeni erekshelikteri [Ethnocultural features of linguistic consciousness in intercultural communication] // Sh. Ualihanov atyndagy Kokshetau universitetinin Habarshysy. – 2017. – №3. – B. 70-79. [in Kazakh]
10. Pimenova M.V. Problemy kognitivnoi lingvistiki i konceptualnyh issledovani na sovremennom etape [Problems of cognitive linguistics and conceptual research at the present stage] // Gumanitarnyi vektor. – 2010. – №2 (22). – S. 140-145. [in Russian]
11. Auezov M. Qorgansyzdyn kuni [The Day of the Defenseless]. [Electronic resource]. URL: <https://kitap.kz/book/qorhansyzdyng-kuni>. (date of access 12.02.2024) [in Kazakh]
12. Kozhakhmetova G., Abeshova N., Tazhibayeva S., Ibragimova K. National values in the translation of Kazakh literary works // Cadernos de Tradução. – 2024. – Vol. 44, №1. – S. e95714. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95714>
13. Baibolov A., Abisheva S., Saparova A., Sametova Z., Sabirova D.A., Toktarbay Y. National Code in the Literature of Kazakhstan and Central Asia // Qubahan Academic Journal. – 2025. – №5(3). – P. 547–558. <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n3a2103>
14. Sultangaliyeva R.B., Sagidulliyeva S.S., Mutiyev Z.Zh., Sagynadin G.S., Akbulatov A.A., Askarova G.S., Zhumasheva K.B. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – №6(6). <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098>
15. Minkov M. The K factor, societal hypometropia, and national values: A study of 71 nations // Personality and Individual Differences. – 2014. – Vol. 66. – P. 153-159. <https://doi.org/10.1016/j.paid.2014.03.028>
16. Seitzhanova A., Syzdyqova G. Qazirgi qazaq prozasyndady ulttyq kod zhane koncept maselesi [National code and concept issues in modern Kazakh prose] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 145-156.
17. Zholdasbekov M., Isaeva A. Etnomadeni kenistik zhane tildik tulga koncepciasy [Ethnocultural space and the concept of linguistic personality] // Iasui universitetinin habarshysy. – 2022. – №4(126). – B. 88-97. [in Kazakh]

### Literary Text Is a World of Values: Traditional Heritage and Contemporary Perspective

**Abstract.** This article analyzes M. Auezov's short story “The Day of the Defenseless” through the lens of national conceptology and cognitive linguistics, focusing on the artistic and cognitive representation of national values in the text. During the study, core concepts such as “defenselessness”, “justice”, “honor and dignity”, “purity”, “cruelty”, and “nature” are identified, and their pragmatic, aesthetic, and semiotic functions within the literary text are examined. Based on the chronotope model proposed by B. Maitanov, the spatial and temporal dimensions and their structural-artistic roles are analyzed. Using M.V. Pimenova’s classification of concepts (physical, social, ethical), the behavioral patterns and value orientations of the characters are examined. According to A. Maslow’s hierarchy of needs, the human aspiration for freedom, safety, and spiritual self-actualization is discussed.

Furthermore, drawing on the research of G. Kozhakhmetova and A. Baibol, the study explains how national worldview, mentality, and cultural codes are realized through artistic language. Through the image of Gaziza, such spiritual and ethical values of the Kazakh people as honor, purity, and modesty are presented, and her tragic fate reveals injustice and moral decline in a patriarchal society.

Descriptions of nature and mythopoetic elements are analyzed on metaphorical and symbolic levels, substantiating the link between the conceptual fields of the literary structure and national identity. The use of the passive voice in the narrative serves to reveal the moral character and spiritual crisis of the individual within a cognitive and artistic framework.

**Keywords:** national conceptology, cognitive linguistics, values, chronotope, characters, cultural code, spiritual-ethical values.

### Художественный текст – это мир ценностей: традиционное наследие и современный взгляд

**Аннотация.** В данной статье рассказ М. Ауезова «День беззащитного» рассматривается с точки зрения национальной концептологии и когнитивной лингвистики, анализируется художественно-когнитивная репрезентация национальных ценностей в тексте. В ходе исследования выявлены базовые концепты, такие как «беззащитность», «справедливость», «честь и достоинство», «чистота», «жестокость», «природа», определены их прагматические, эстетические и семиотические функции в художественном тексте. На основе хронопной системы, предложенной Б. Майтановым, рассматриваются пространственно-временные характеристики и их художественно-структурная роль. С классификацией концептов М.В. Пименовой (физические, социальные, этические) проанализированы поведенческие модели персонажей и их ценностные ориентиры. Согласно иерархии потребностей А. Маслоу описывается стремление человека к свободе, безопасности и духовному совершенству. Кроме того, опираясь на исследования Г. Кожаметовой и А. Байбола, раскрывается, как национальное мировоззрение, менталитет и культурные коды реализуются через художественный язык. Через образ Газизы показаны такие духовно-этические ценности казахского народа, как честь, чистота, стыд, а её трагическая судьба раскрывает несправедливость и моральный упадок в патриархальном обществе.

Пейзажные картины и мифопоэтические элементы анализируются на метафорическом и символическом уровнях, доказывається связь концептуальных полей структуры произведения с национальным менталитетом. Через форму страдательного залога в тексте раскрывается моральный облик человека и духовный кризис в познавательном пространстве.

**Ключевые слова:** национальная концептология, когнитивная лингвистика, ценности, хроноп, персонажи, культурный код, духовно-этические ценности.

#### Авторлар туралы мәлімет

**Бөкен Г.С.** – PhD, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, e-mail: asya\_2309@mail.ru, Қазақстан, Көкшетау қ.

**Тлеубердина Г.Т.** – корреспондент-автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, Қазақстан, Көкшетау қ.

**Шалабай Б.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, e-mail: bshalabai@mail.ru, Қазақстан, Көкшетау қ.

#### Information about the authors

**Boken G.S.** – PhD, Associate Professor, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, e-mail: asya\_2309@mail.ru, Kazakhstan, Kokshetau.

**Tleuberdina G.T.** – The Corresponding Author, Candidate of Philology, Associate Professor, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, Kazakhstan, Kokshetau.

**Shalabay B.** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, e-mail: bshalabai@mail.ru, Kazakhstan, Kokshetau.

#### Сведения об авторах

**Бөкен Г.С.** – PhD, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, e-mail: asya\_2309@mail.ru, Казахстан, г. Кокшетау.

**Тлеубердина Г.Т.** – автор-корреспондент, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, e-mail: bshalabai@mail.ru, Казахстан, г. Кокшетау.

**Шалабай Б.** – доктор филологических наук, профессор Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова, e-mail: bshalabai@mail.ru, Казахстан, г. Кокшетау.